

Г.Ж. Орда М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: orda_68@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Мақалада қазіргі қазақ поэзиясына көркемдік-стильдік ізденістерімен келген бір топ жас ақындардың шығармалары қарастырылған. Ұлттық поэзияда қалыптасқан дәстүр жалғастығы мен мазмұндық және түрлік жаңашылдықты көрсету үшін жас ақындар Дүйсенәлі Әлімақын, Бауыржан Әліқожа, Батырхан Сарсенхан, Қуаныш Жазай, Бауыржан Майтайұлы, Тұрсынбек Башар, Толқын Нұрсәуле, Айдана Қайсарбекқызы, Асылбек Жаңбырбайдың поэзиялық туындыларына талдау жасалды. Аталған ақындардың шығармалары ғылыми айналымға түспегендіктен, олардың шығармаларындағы көркемдік ізденістерді саралай отырып, қазіргі қазақ поэзиясындағы жетістіктер бағамдалды. Жас ақындардың қазақ поэзиясындағы шағын лирикамен бірге кең құлашты эпикалық поэмалардағы дәстүр сабақтастығын жалғастырып келе жатқандығы нақты шығармалармен анықталды. Кез келген ақынның шығармашылығынан бірінші кезекте отан, туған жер туралы өлеңдерді көптеп кездестіруге болады. Жас ақындар шығармаларындағы отан, туған жер, ата-ана, сүйген жарға деген махаббат лирикалары қазіргі поэзиядағы дәстүр сабақтастығын көрсетсе, пейзаж, кейіптеу, параллелизм, контрасты бейнелеумен тың бейнелер мен жаңа образдар жасаған. Әлем әдебиетінде қалыптасқан, ХХІ ғасыр әдебиетінің негізгі бағыттарының бірі болып табылатын постмодернизм қазіргі қазақ поэзиясынан да орын алғандығы Тұрсынбек Башар, Бауыржан Майтайұлы шығармаларымен дәлелденсе, ақ өлең үлгісі Батырхан Сарсенханда көптеп кездеседі. Зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығы орта мектеп пен жоғары оқу орындарында «Қазақ әдебиеті», «Қазіргі қазақ әдебиеті» пәндерінде кеңінен пайдалануға болатынынан, қазақ поэзиясындағы көркемдік ізденістер туралы ғылыми қауым мен оқырманға мол мағлұмат беретінінен, қазіргі қазақ поэзиясы туралы алдағы зерттеулерге жол ашатындығынан байқалады.

Түйін сөздер: поэзия, лирика, өлең құрылысы, ақ өлең, параллелизм, теңеу, пейзаж, интертекст, дәстүр және жаңашылдық.

G.Zh. Orda

M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan
e-mail: orda_68@mail.ru

Tradition and Innovation in Modern Kazakh Poetry

The article examines the work of a group of young poets who combined modern Kazakh poetry with artistic and stylistic research. In order to show the continuity of the pattern established in national poetry, the content and diversity of innovation, the young poets analyzed the poetic works of Duysynali Alimakyn, Baurzhan Alikozhi, Batyrkhan Sarsenkhan, Baurzhan Maitaiuly, Tursynbek Bashar, Tolkyun Nursaula, Aidana Kaysarbekovina, Asylbek Zhanbyrbai. Since the works of these poets have not entered scientific circulation, it is possible to evaluate the achievements of modern Kazakh poetry by highlighting artistic research in their works. The fact that young poets continue the continuity of style in broad epic poems along with short lyrics in Kazakh poetry was determined by real works. In the work of any poet you can find many poems about the homeland, native land. If the lyrics of love for the Motherland, native land, parents, beloved spouse in the works of young poets shows the continuity of tradition, then in modern poetry fresh images and new images can be seen in the depiction of landscape, comparison, parallelism, contrast. Postmodernism, which is one of the main trends in the literature of the 21st century, has established itself in world literature, as evidenced by the works of Tursynbek Bashar, Baurzhan Maytayuly, as well as many examples of blank verse by Batyrkhan Sarsenkhan. The scientific and practical significance of the study is evident from the fact that it can be widely used in the subjects "Kazakh literature" and "Modern Kazakh literature" in secondary schools and higher educational institutions, gives a lot of information to the scientific community and the reader about artistic research of Kazakh poetry and opens the way for further research into modern Kazakh poetry.

Key words: poetry, lyrics, verse structure, blank verse, parallelism, comparison, landscape, intertext, tradition and innovation.

Г.Ж. Орда

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, г. Алматы, Казахстан
e-mail: orda_68@mail.ru

Традиция и новаторство в современной казахской поэзии

В статье рассматривается творчество групп молодых поэтов, пришедших в современную казахскую поэзию с художественно-стилистическими исследованиями. Чтобы показать преемственность уже сложившейся национальной поэзии, ее содержательность и разнообразные новаторства, молодыми поэтами были проанализированы поэтические произведения Дуйсинали Алимакына, Бауржана Аликожи, Батырхана Сарсенхана, Бауржана Майтайұлы Тұрсынбека Башара, Толқын Нұрсауле, Айданы Кайсарбековой, Асылбека Жанбырбая. Поскольку произведения этих поэтов не вошли в научный оборот, оценить достижения современной казахской поэзии можно, выделив в их произведениях художественное новаторство. Тот факт, что молодые поэты продолжают преемственность стиля широких эпических поэм наряду с короткой лирикой в казахской поэзии, определяется реальными произведениями. В творчестве любого поэта можно найти множество стихов о родине, родной земле. Если лирика любви к Родине, родной земле, родителям, любимой супруге в произведениях молодых поэтов показывает преемственность традиций, то в современной поэзии свежие образы и новые образы можно увидеть в изображении пейзажа, интересных сравнениях, параллелизме, контрасте. То, что постмодернизм, являющийся одним из основных направлений в мировой литературе XXI века, утвердился и в современной казахской литературе свидетельствуют произведения Тұрсынбека Башара, Бауыржана Майтаулы, а также немало примеров белого стиха у Батырхана Сарсенхан. Научная и практическая значимость исследования состоит в том, что оно может быть широко использовано при преподавании предметов «Казахская литература» и «Современная казахская литература» в средних школах и высших учебных заведениях, представляет много информации научному сообществу и читателю о художественных исследованиях казахской поэзии и открывает путь для дальнейших исследований современной казахской поэзии.

Ключевые слова: поэзия, лирика, структура стиха, белый стих, параллелизм, сравнение, пейзаж, интертекст, традиция и новаторство.

Кіріспе

XXI ғасырда ұлттық поэзия даму, толығу үстінде. Қазақ поэзиясында «Алтынкөпірліктер» деп аталған орта буынның соңынан ерген және бір буынның әдебиет әлеміне танылғанына біршама уақыт болды. Тәуелсіздік құрдастары саналатын бұл буын қазақ әдебиетін бір топ жаңа есімдермен толықтырды. Мерзімді басылым беттері мен поэзиялық жинақтарда өлеңдері шығып жүрген бір топ жас ақынның шығармалары Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Алматы қаласы әкімдігінің қолдауы бойынша «Тәуелсіздік сөзі» сериясымен жарық көрді. Олардың қатарында Талап Шерханның «Адасқақ ойлардың аспаны», Тілеген Асыланның «Бойтұмар», Батырхан Сарсенханнның «Мәңгілік гүл», Дүйсенәлі Әлімақынның «Ол құстың аты – еркіндік», Еркәнат Қуатбекұлының «Ақ жауын», Бауыржан Мырзақұловтың «Ышық», Роза Аспанқызының «47», Бауыржан Майтайұлының «Қаладағы жылқы дауысы», Дініслам Абитилданың «Үнсіздік әуені», Айдана Қайсарбекқызының «Құр – Ман», Қуаныш Жазайдың «Толқынға қарсы», Бауыржан Әліқожаның «Хүснихат», Нұрсәуле

Толқынның «Топырақ иісі», Тұрсынбек Башардың «Интертекст», Еркежан Бейсенбекқызының «Ана жүрегіндегі өмір», Нұртас Тұрғанбектің «Жан жылайды», Ерзат Асылдың «Құлағымда тұяқтардың дүбірі», Ретбек Мағаздың «Шексіздік үні», Әрібибек Өр Алтайдың «Марқажүрек», Алтыншапақ Қаутайдың «Ай шапағы» тәрізді жинақтары бар. Аталған жинақтар туралы жекелеген ақындардың шығармаларына берілген сын-рецензиялар болмаса, бас-аяғы тұтас шолу мақала жарық көрген жоқ. Осы олқылықты толтыру мақсатында бірсыпыра ақындардың шығармалары талданып, жастар поэзиясындағы көркемдік ізденістерге шолу жасалды.

Материал мен әдістер

Қазіргі қазақ поэзиясына тәуелсіздік құрдастары деп аталып жүрген бір буын өкілдері келіп қосылды. Олардың қатарында Т. Шерхан, А. Тілеген, Б. Сарсенхан, Д. Әлімақын, Б. Мырзақұлов, Е. Қуатбекұлы, Р. Аспанқызы, Б. Майтайұлы, Д. Абитилда, А. Қайсарбекқызы, Қ. Жазай, Б. Әліқожа, Н. Толқын, Т. Башар, Е. Бейсенбекқызы, Н. Тұрғанбек, Е. Асыл, Р. Мағаз, Ө. Алтай, А. Қаутай және басқа оқырманға танылып

қалған жас ақындарды атауға болады. Бұлардың бірсыпырасы – республикалық бәйгелерде оза шауып көзге түссе, енді бірпарасы – мерзімді басылымдарда жиі көрініп болашағынан үміт күттіріп жүрген ақындар. Бір мақалада жиырмаотыз қаламгердің шығармасын қамту қиын болғандықтан, жаңашылдығымен танылып жүрген бірнеше ақынның шығармаларымен қазіргі жастар поэзиясының аяқ алысы бағамдалды.

Анализ-синтез әдісі арқылы қазіргі қазақ поэзиясындағы көркемдік ізденістерді жан-жақты зерттеуде бүтіннен бөлшекке қарай, яғни тұтас поэзия туралы тұжырым жасау үшін жекелеген ақындардың шығармаларына әдеби талдау жасалды. Жекелеген ақындардың шығармаларына берілген бағалар жинақтала келіп, қазіргі поэзияның жетістігін саралауға септігін тигізеді. Индукция-дедукция әдісі бойынша жекелеген ақындардың шығармалары туралы ғалымдардың пікірлерін қорытулар негізінде жалпы тұжырым жасауға мүмкіндік беретін зерттеу мен талқылау пайдаланылды. Ұлттық поэзия туралы жалпылама тұжырымнан жеке тұжырым жасауда жекелеген ақындардың шығармалары талқыланды. Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы ұлттық поэзияда қалыптасқан дәстүр және жаңашылдық мәселесі негізге алынды. Ақындар поэзиясында дәстүр сабақтастығы сақталғаны, жаңашылдықтың қалай көрініс тапқаны нақты мысалдармен дәлелденді. Герменевтикалық әдіспен әдеби-мәдени факторларлар поэзия мәтініндегі лирикалық кейіпкер, шығарманың лейтмотиві, авторлық ұстаным мәселелері тұрғысынан түсіндіріліп талқыланды.

Әдебиеттерге шолу

Ұлттық поэзияның жанрлық ерекшелігі, өлең құрылысы, дәстүр және жаңашылдық мәселелері туралы Қ. Жұмалиев, З. Ахметов, М. Базарбаев зерттеулерінің қатары тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясын зерттеген «XXI ғасыр әдебиеті (2001-2011)», «Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар», «Қазіргі әдеби процестің даму тенденциялары», т.б. ұжымдық монографиялармен толықты. Қазіргі қазақ поэзиясын зерттеген бұл еңбектерде негізінен аға буын өкілдерінің шығармашылығына талдау жасалған. Орта буын мен жастар поэзиясы көбіне назардан тыс қалып, мерзімді басылым беттерінде берілген сұхбаттарда ақындардың аттары ғана аталып жатады, енді бірде жекелеген ақындардың шығармашылығына ғана баға берілген мақалалар жарық көріп келеді.

Шын мәнісінде осы буын өкілдерінің шығармаларын саралаған шолу тақырыптағы зерттеулер кездесе бермейді. Бұл мақала әдебиеттану ғылымындағы осы олқылықтың орнын толтыруға қызмет етеді.

Тақырыпты зерттеу барысында қазақ лирикасы туралы С. Қирабаев, Е. Тұрсынов, М. Майтанов пікірлеріне сүйене отырып ой тұжырымдар ұсынылды. Сонымен бірге Бауыржан Әліқожа поэзиясы жөніндегі Аманхан Әлімұлы, Есенғали Раушанов, Нұржан Қуантайұлы, Бауыржан Майтайұлының поэзиясы туралы Ардақ Нұрғазының, Толқын Нұрсәуле поэзиясы туралы Мұрат Шаймаранның пікірлері пайдаланылды.

Мақалада отандық ғалымдармен бірге өлең құрылысы, жаңа заман поэзиясының интерпретациялануы, классикалық мұраның трансформациялануы туралы С. МакКормактың «The shadows of poetry: Virgil in the mind of Augustine» (MacCormack, 2020), Л. Патриктың «Singing the Way: Insights in Poetry and Spiritual Transformation» (Patrick), М. МакАртур мен Ж. Мариттің «The American landscape in the poetry of Frost, Bishop, and Ashbery: the house abandoned» (MacArthur, 2008, 361-362), Х. Милннің «Poetry matters: neoliberalism, affect, and the posthuman in twenty-first century North American feminist poetics» (Milne, 2018: 178) еңбектерінде жанр мәселесі жан-жақты зерттелді.

Осы қатарда поэзияның трансформациясын зерттеген Б. Том мен М.-Л. Кирстидің «Перевод раннесредневековой поэзии: Трансформация, рецепция, интерпретация», Д. Аннмаридің «Перевод как трансформация викторианской поэзии» зерттеулерін атауға болады. Қазіргі қазақ ақындары поэзиясындағы жаңашылдық туралы сөз еткенде интертекст, интертекстуальдік, интерпретация туралы Таласбек Әсемқұлов, Ролан Барт, метаморфоза туралы М.А. Иванов, парадокс туралы А.С. Майданов, индиго балалар туралы Нэнси Энн Таптың пікірлеріне сүйене отырып ой қорыттық.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ поэзиясында Абай Құнанбайұлы негізін қалаған, әнші-ақындар мен сал-серілер дамытып, Мағжан Жұмабайұлы мен Мұқағали Мақатаев жаңа өрнек берген махаббат лирикасы қазіргі таңда да өз жалғасын табуда. Осы жөнінде фольклортанушы ғалым Е.Тұрсынов: «богема лирикасы, богема сарындары яғни махаббат, жастық шақтың қызығын, той-думан, шаттық көңілді жырлау болып табылады», – де-

ген болатын (Тұрсынов, 1976: 4). «Екінші анам – махаббат» еді деп түсінетін Дүйсенәлі Әлімақын Шығыс шайырлары тәрізді «Бұл шаһардың мөлдіреген жанарын, Саған жүзік етейін бе, қарағым?!» деп, бір шаһарды сүйгеніне жүзік етіп тағып беруге дайын. Адам мен табиғатқа қаншама қасірет алып келген атом жарылысынан көпшілік хабардар. Сондай үлкен жарылысты сүйгенінің суретімен жеткізу – қазақ поэзиясында кездеспеген сурет. Ақынның «Сенен жеткен жарылысқа төзбесем, не деп жауап берем мына тағдырға», «Нысанасы тура менің жүрегім, Атом ұшып келе жатты көзіңнен» деп суреттесе, «Жан-тәнімнің ең соңғы бір бөлшегің, Үмітіңе сыйлық етем мен сенің», «Жалғыз сөзді жаз десе егер қағазға, Сенің атың лайық еді жазарға» деген тармақтарына сүйген жарға деген сезім күйлері сыйып тұр. Бір қарағанда байқала бермейтін қарама-қайшылықтар ақын жанын жай тапқызбайды. «Paradox» өлеңінде лирикалық кейіпкер сүйген жарын Күнмен, Түнмен қатар қоя параллел суреттейді:

Шаттығыңды күліп тұрған Күн деймін,
Жоқ күніңді жұлдызы өлген Түн деймін.
Сені аяйтын Мен бар екем жалғанда,
Мені аяйтын кім бар еді, білмеймін...
(Әлімақын, 2021: 14).

Бір бойжеткен жүрегімде лаулады,
Ай да – өзі, Жұлдыз да – өзі, Күн – өзі!!!
Жылу беріп өн бойыма, баурады,
Ғашығымның мейіріндей мінезі
(Әлімақын, 2021: 47).

Осы тұста Бауыржан Әліқожаның махаббат жырларынан да бір-ер мысал келтіруге болады. Махаббат – жастық шақтың жарқын көрінісі. Ақын жырларынан да махаббат тақырыбының мол орын алуы орынды. Осы қатарда «Көзілдірікті қыз», «Балауса», «Құлын мүсін», «Мен сүйген қыз...», «Бақ жұлдыз», «Ақ қар сезім», «Қалқатайым», «Жанарымдағы жыр», «Ай мен сұлу», «Аңсар», «Жәудір көз», «Наз», «Мен сүйген қыз», «Купеде», «Купедегі ару», «Махаббат көпірі», «Қылықтым», т.б. жырларын атауға болады. «Неге мені айналдыра бересің, Ақ апамның қолындағы ұршықтай» деп жырлайтын ақын жырларынан махаббаттың бірде қуаныш, бірде мұң сыйлайтынын көруге болады. «Наз» өлеңінде:

Бойдағы саркыдың сабырды,
Бұл сенің не еткенің қарағым?!
Жанымның әйнегі шағылды,
Өзіңді жек көріп барамын
(Әліқожа, 2021: 46).

Немесе:

Мың батпан мұң арқалап,
Кептердей сыңар қанат.
Ұша алмай секеңдеймін,
Шық жасын іркіген гүл
(Әліқожа, 2021: 49), –

деп жабырқайтын лирикалық кейіпкер, енді бірде сүйгеніне ұқсайтын қыздардың жанына жылу бергеніне шаттанады:

Бір бойжеткен жүрегімде лаулады,
Ай да – өзі, Жұлдыз да – өзі, Күн – өзі!!!
Жылу беріп өн бойыма, баурады,
Ғашығымның мейіріндей мінезі
(Әліқожа, 2021: 47).

Сүйгенін Ай, Күн, Жұлдызға балау шығыс және қазақ поэзиясында бұған дейін де болғанмен, ақынның «Жанымның әйнегі шағылды», «Кептердей сыңар қанат. Ұша алмай секеңдеймін» деген бейнелі тіркестерінен көркемдік стильдік ізденісін көруге болады. Дерексіз сезім күйлерін деректі затқа балау арқылы оқырманның көз алдына елестету – ақынның жетістігі.

Оның сүйген сұлуына деген сағыныш саздары жинақталған «Күз бен қыз» өлеңі жөнінде ақын Аманхан Әлімұлы:

«Сыртқа шықсам сарғайған күзді көрем,
Жүдеу жүзді содан соң қызды көрем.
Сағынышқы бөленген мұңлықтарға,
Дәрі бола қояр ма, біздің өлең?

Міне, осы күз без қыз тағдырынан өрілген параллелизм өлеңінің аяғына дейін лирикалық жүйелілігінен бір танбай, жақсы поэтикалық суреткерлік әрі көркемдікке тұнған жалғасын табады» (Әліқожа, 2021: 151), – деп ақын поэзиясының көркемдігіне көңіл бөлсе, Есенғали Раушанов «Әдебиет» порталындағы «Жақсы атаның баласы» мақаласында болашағынан мол үміт күттірген жас талантқа сәт-сапар тілейді (Әліқожа, 2021: 150). Ал, «Ай мен сұлу» өлеңінде қасындағы сұлуын айдың көшірмесіне балаған ақын:

«Көзіме түсті қолдағы менің,
Ай бетіндегі дақ құсап...
Көктегі Айдың керегі бар ма,
Жанымда тұрсаң Ай болып!», –

деп параллел суреттейді.

«Астар», «Аспан», «Таңғы шық», «Кұйын», «Нөсерде», «Көктемгі күй», «Мөлдір моншак», «Ай», «Қыс» сияқты табиғат құбылыстары мен жыл мезгілдері туралы өлеңдерінде табиғат құбылыстарын «Жаратылыс – жаза алмас қиын дастан» деп жаратылыстың тылсым құпияларымен ұштастырып отырады. Көктем мезгілін аруға балау поэзияда болғанмен Күнді жігітке балау кездесе бермейді. Осы тұрғыда ақын «Дөнес, белдің иіскелеп желең төсін, Құтырынып барады жел-ерке шын», «Шер тұнып қара шашты, қара аспанға, Ентігіп ебіл-дебіл еңкілдеді», «Көктемдей аруды ұнатып, Жігіт – Күн төксе шуағын», «Көктем күнін аңсайды бүрсең қағып, Жаутаңдайды жапырақсыз жалаң ағаш», «Мөлт-мөлт етіп тамшы жас тамшылауда, Ыршып түсіп шыршаның жанарынан», «Аспан, неге жылайсың ағыл-тегіл, Солай ма еді жазуы күдіретің?!», «Жағал-жағал осынау тіршілікті, тазалайын дедің бе, көз жасыңмен?!», – деп дерексізге жан бітіре кейіптейді. «Аспан» өлеңін оқып отырғанда біз өмір сүріп отырған қоғамның былығы мен шылығын, адамзаттың көңіл кірін табиғат ана жаңбырмен тазалап жатқандай сезіледі. Осы ойымызды ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Т.Медетбектің: «Шынында да Бауыржан көкейінде шүпілдеп тұрған сезімін мөп-мөлдір қалпында ұсынады. Лүпілдеп соққан жүрегінің соғысы сөздердің әдемі бір орамынан жылт етіп тамып түскендей болады», – деген пікірі толықтырады (Әліқожа, 2021: 4).

Қазақ поэзиясындағы Отан, туған жер – әр қаламгердің шығармашылығынан ерекше орын алатын тақырып. Бауыржан Әліқожаның аталған тақырыпты толықтыратын «Сыр жағасы», «Қожатоғай», «Отан», «Қаратау тәжі», «Киелі Кентау», «Ақсу өңірі» тәрізді шығармалары жетерлік. Бабалардың қаны мен тері сіңген жерді «Мекен бұл кие өрілген, Жаралған топырағымды» деп мақтан еткен ақын байтақ елін асқақтата мадақтайды. Туған жерге деген махаббат Қожатоғайдан басталып, «Алматы», «Тау баурайында» өлеңдеріндегі Алматы қаласымен толығып «Отан» деген кең ұғымға жалғасады. Махаббат жырларын толықтыратын «Есентай өзені», «ҚазҰУ қалашығы» Алматы қаласынан сыр шертеді. Ақынның туған жер туралы өлеңдері жөнінде Н.Қуантайұлы: «Ал туған өлкенің суреті ақынның бүлкілдеген алпыс екі тамырында соғып жатыр. «Қыздың мұңы, қызарған күн. Сырдың суы, сырлы сезім...». Ақын табиғатты түрлі-түсті бояумен сырлап жатпайды, көңілдің пернесі түсіріп алған суретті ғана береді. Суға шапшып атылған ақ шағала көз алдыға келе қалады. То-

раңғылдың таң алдында сиреген жұлдыз секілді селдіреп қалғанын көре қоясыз», – дейді (Әліқожа, 2022: 12).

Болашағынан мол үміт күттіріп жүрген ақынның бірі – Батырхан Сарсенханның сөз саптауы да, ойлау жүйесі де өзгеше. Ұлттық поэзиядағы Отан, туған жер туралы жырлар қатарына оның «Отан», «Өскен жер» өлеңдерін жатқызамыз. Ақынның туып-өскен жерін жырға қосуы да өзгеше. Өзге ақындар секілді кіндік қаны тамған жерін жер жәннатына балаудың орнына «Өскен жер» өлеңінде:

Аққұба түн. Құбылған көркем үнмен,
сұр топырақ сұрайды бөртегүлден:
алабымда аунаған жас бар еді,
ақпанымда жаурған жас бар еді,
өскен жерден жырақтап кеткендей ме,
нәзік еді, білгені дастан еді, –

деп туған жердің топырағы мен гүліне тіл бітіреді (Сарсенхан, 2021: 63). Алма ағашының «бұтағымды жылқы еткен жас бар еді» деп боз аспаннан сұрағанына қарап отырып, ақынның туған жердің жансыз заттарына жан бітіріп кейіптегенін көреміз. Осылайша туған жердің топырағы мен гүлі, ағашы мен бұтасы «неге жиі келмейді мекеніне» деп кішкентай перзентін сағына еске алады. Поэзиядағы көркемдік ізденіс жөнінде ақын Е.Раушанов былай дейді: «Прозалық пішіндегі лирикалық туындыда әдетте көлем қысқа, эмоция жоғары болады, мұны ритмдік прозамен не еркін өлеңмен шатастыруға болмайды. Поэзияда үнемі ізденіс болуы керек, сол кезде іргелі дамиды, не оңға, не солға да кетіп қалады, әйтеуір, қозғалыс үстінде болады. Әлемдік әдебиеттің бәрінде де ақ өлең бар, мұны верлибер дейді» (Раушанов, 2023). Ақынның осы пікіріне сүйенетін болсақ, Батырхан – үнемі ізденіс үстінде жүретін, ритмдік прозамен жазатын ақындардың бірі.

Сондықтан да ол ұлттық поэзияға жаңа өрнек алып келуімен ерекшеленеді. ХХ ғасырдың жетпісінші жылдары Шөмішбай Сариев:

Жайсам деймін мол өркен,
Гүлдей арай жүрегім.
Озбау үшін көлеңкем.
Күнге қарай жүремін!», –

деп өз көлеңкесінен философиялық ойларға жетелейтін образды сурет жасаған болатын (Сариев, 2021).

Ал, ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінің ақыны Батырхан Сарсенхан «Көлеңкем бар еді...» өлеңінде:

Көлеңкем бар еді
жаныман қалмаған
жаныман көктеген,
жаныман саулаған,
жаныман өтпеген,
жұлдызды түндерде,
жүз гүлді бақтарда
бұлдырлы шілдеде,
бұлт ауып жатқанда,
бозамық ымыртта,
бөгелген жауында, –

деп ойын жалғайды (Сарсенхан, 2021: 95).

Бір көлеңкені жиырма тоғыз тармаққа арқау еткен ақын табиғат құбылыстары мен мезгілдің өзгерген уақыттарындағы адам көлеңкесінің суретін жан-жақты бейнелейді. Өлең тармақтарын «ж» және «б» әріптерімен қайталау арқылы сол сөзге көңіл аударған. Әр тармақты бір дыбыспен және бір сөзбен қайталап, оған ерекше реңк берген ақын әрбір сөздің астарына үңілген. Мәселен, төрт тармақтың «жаным» сөзімен басталуы – көлеңкенің адам жанынан ұзап кетпейтіндігін еске салса, бір сөзді бірнеше рет қайталау арқылы сол сөзге реңк берген.

Бір сәт табиғат анамен сырласатын лирикалық кейіпкер «Қайың» өлеңінде:

– Ақ қайындар, қайындар, бір қараңдар,
сыбыр сөзге сенбеңдер, тындамандар.
сүю, сену, сезіну, шын бекіту,
төрт құбылаң секілді бұл ғаламда
(Сарсенхан, 2021: 62), –

деп қайындармен сырласып тұрғанмен, осы ойлардың замандастарына қаратыла айтылғаны анық. Ақынның «Күнмен қоштасуы» төмендегіше өрбиді:

Кешір, таң,
кешір, түс,
кешір, кеш,
кешір, түн,
мен бүгін
балалық
секілді
сендерді,
абайсыз өзімнен өшірдім
(Сарсенхан, 2021: 83).

Тоғыз тармақтан тұратын өлең жолының алғашқы төрт тармағы «кешір» деген сөзбен басталады. Ақын күнмен ғана қошасып отырған жоқ бүгінге дейінгі өмірінде жасаған істеріне кешірім сұрап отыр. Әр тармағы оқырманға ой

салатын, ақ өлең үлгісімен жазылған туындыда ұйқас та, бунақ та сақталмаған.

«Су перісі жайлы ертегі» шығармасының құрылысы тіптен бөлек. Бес тарау, 84 тармақтан тұратын ертегінің құрылысы төмендегіше:

1. Су ханшасы теңіз балдырлары мен
2. қоңыраулы медуза шашақтарына қарайтын
3. таңдана. Ал түнде теңіз бетіне түскен
4. жұлдыздар жарығына елтіп жоғары
5. ұмтылатын. Бірде су бетіне шықты
6. және кеме көрді қираған. Дауылға
7. тап болған кеме ішінде жалғыз
8. ханзада жатты демігіп (Сарсенхан, 2021:

11).

Түрі жағынан ақ өлеңге жатқызғанмен, әр тармақты санамалап қойған құрылысы жағынан өзгешелік байқалады. Ертегі құрылысынан поэзияға қарағанда, проза жанрына жақындық байқалады. Поэзияның қалыптасқан формаларына бағынбайтын бұл өлең түрін ғалымдар ақ өлең деп түсіндірсе, Батырхан – ақ өлең үлгісімен жазып жүрген ақындардың бірі. Осы ойымызды классикалық мұраның трансформациялануын зерттеп жүрген С.МакКормактың пікірі растайды (MacCormack, 2020: 215-217).

Поэзияның дәстүрлі жолынан шығып, тың ізденістерге барып жүрген ізденімпаз, жаңашыл ақынның өлеңдерін «Элегия», «ANXIOUS», «Манифест», «Эпитафия», «Романс», «Айлы соната» деп тосын сөздермен атауы да содан. Оның поэзиясынан шумақ, тармақ, ұйқас іздеудің керегі жоқ. Бірде әлемнің бірқатар халықтарының әдебиетінде кездесетін ұйқассыз ақ өлең үлгісімен жазса, енді бірде аралас, кезекті, егіз, шұбыртпалы ұйқастармен келетін өлең жолдарының әр тармағы мен әр сөзінде үлкен ой жататынын баса айтқанымыз жөн.

Жастар арасында ерекше үнімен танылып, көркемдік ізденістерге барып жүрген ақынның бірі – Бауыржан Майтайұлы. Оны ақынның «Үйдің іші» өлеңі растайды:

Терезем шағылды, есігім ұрланды...
Шағылған терезем – аққан жасым,
Ұрланған есігім – ескі сүйегім,
Табалдырығым тозды,
Маңдайшам майысты,
Мен үрей толған үймін
(Майтайұлы, 2021: 28).

Осындай адам санасына сыймайтын, тосын ойларға жетелейтін постмодернистік ізденісті «Неороета» деп атаған жырынан да көруге болады:

Іздерге күммен гүлдер қол созған,
Қан да, тер де жауған.
Жанбырдай сорғалап,
Бұлттай ұйыған.
Оған кінәлі Құдай емес,
Оған кінәлі Уақыт емес,
Оған кінәлі сайтан емес
(Майтайұлы, 2021: 44).

Қарама-қарсы ұғымдар мен түрлі кеңістіктерді қатар суреттей отырып, оқырманды тосын ойларға жетелейтін ақынның «Неоромантизм» жөнінде Ардақ Нұрғазы: «Б.Майтайдың өлеңдері өзінің кім екеніне жақсы жауап беріп тұр. Ол – қазақтың постмодернистік поэзиясының көгінде жарқырап шыққан жарық жұлдыздың бірі. Б.Майтайдың поэзияны сезіну түйсігінің уақыт кеңістігімен, заман талғамымен үйлесім табатыны өз алдына, оның сол түйсікке сай тілді сезінуі, меңгеруінің өзі ерекше атауға болатын қасиет», – дейді (Нұрғазы, 2019). Сондықтан да Бауыржан Майтайұлын әлемдік әдебиетте қалыптасқан постмодернизмді ұлттық поэзияда орнықтырып жүрген ақын ретінде қабылдаймыз.

Әдетте адам санасында қалыптасқан, өзгертуге келмейтін ұғымдар болады. Солардың бірі – терезеге өрнек салатын сықырлаған сары аязды кәсіби суретшіге балау. Қуаныш Жазайдың сықырлаған аязды терезе алдын түнімен тоқтаусыз шарлаған албастыға балауы – тосын сурет:

Жатыр оның зарында батпан салмақ,
Жаттым тыңдап қарасы батқанша аулақ.
Терезені тырналай берді сосын,
Тырнағының ұшынан ақ қан саулап
(Жазай, 2021; 37).

Ақын енді бірде желді былай суреттейді:
Қайың – қызға тентек жел жігіт болып,
Қырындайды еркелей күліп келіп.
Бетін күнде қайтарып жіберсе де,
Күнде осылай жүргені үміттеніп
(Жазай, 2021; 50).

MacArthur, Marit J. «The American landscape in the poetry of Frost, Bishop, and Ashbery: the house abandoned» зерттеуінде Фрост, Бишоп, Эшбери поэзиясындағы американдық табиғат суреттері туралы айта келіп, адам мен табиғат арасындағы байланысты американдық пейзаждағы қараусыз қалған үймен түсіндірген болатын (MacArthur, 2008: 361-362). Американдық ақындар сияқты Қуаныш Жазай да табиғат суреттерін жансызға жан бітіре кейіптеуге шебер.

«Алматыда жиі жер сілкінеді» өлеңінде жер сілкірудің себебін іздеген ақын «Бір өкпесі бар шығар жер астының, Жер үстіне бар шығар бір тілегі?» деген сауал тастай отырып, замандастарына ой салады. «Судың да сұрауы бар» болса, үлкен қаладағы «Төгілген қан... Көз жасы... Тапталған ардың» сұрауын жер-ана ескертіп, азғындаған ұрпағына бабалар назырқанып, пенделер әлдеқашан көміп тастаған жалғандық пен өтіріктің шымылдығын түріп жатқан болар деп топшылай отырып, «Бабам шығар рухымды тірілте алмай, Жер астынан жүрек боп дүрсілдеген?...» деп түйеді.

«Шетелдік отбасында өрбіген әңгіме» шығармасында шетелдік баланың Қазақстанда сатылатын қуыршақ алып бер деген өтінішін оқып отырып, қазақ балаларының ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдары шетелге сатылған тағдыры көз адымызға келеді. Осылайша Қуаныш өзіне әсер еткен, ой салған табиғат құбылыстарына, туған жер, ата, әке, ана сияқты ең жақын адамдарына, сүйгеніне жыр арнай отырып, замандастарына өмір туралы ой салған. Соның бірі – қазақ балаларының шетелге сатылуы. «Жетімін жылатпаған қазақтың» балалары мұхит асып, әлемнің түрлі құрылығында өмір сүріп жатуы – ХХІ ғасырдың трагедиясы. ХХІ ғасырдағы Солтүстік Американың феминистік поэтикасындағы неолиберализмін зерттеп жүрген Х.Милн саясат пен экономиканы феминистік поэтиканың ажырамас бөлшегі ретінде қарайды (Heather, 2018: 278). Ақын шығармасындағы қазақ балаларының шетелге сатылуы да қазақ елінің әлеуметтік, экономикалық жағдайы мен саясатын көрсететіні белгілі. Олай болса, әлем ғалымдарының өмір шындығын шынайы бейнелейтін туындыларды өмірмен бірлікте зерттеуі орынды.

Әлем әдебиетіндегі постмодернистік ойлауды ұлттық әдебиетте орнықтырып жүрген ақынның бірі – Тұрсынбек Башар. «Интертекст» жыр жинағына жазған «Интертекст, интертекстуальдік интерпретация» атты алғы сөзінде Т. Әсемқұлов Ролан Барттың интертекст туралы айтқан пікірін негізге алады. Р.Барт интертекст туралы мынадай тұжырым жасайды: «Мәтін – бұл тырнақшаға алынбаған цитата», «мәтін мәтінаралық байланыстар мен интертекстуальдік арқылы ғана өмір сүреді» (Барт, 1989: 428).

Өз ішінен үш бөлімге жүйеленген өлеңдердің бірінші бөлімін «Біздің ғасыр – цитаталар ғасыры» деп атап, жинақтың беташарына «Скептицизм» өлеңін беріпті. Скептицизм – ақиқаттың кез келген сенімді критерийіне күмән келтіретін философиялық ұстаным болса, нақты фактілер-

мен дәлелденген, көпшілік мойындаған ұғымдарды қабылдамайтын адамдар скептиктер деп аталады. Өзі өмір сүріп отырған ХХІ ғасырды бар қалпында қабылдай алмайтын лирикалық кейіпкер «...ХХІІ ғасырға аяқ басқым келеді, Жаңарған қоғаммен, ескірген Абаймен», – деп «мыңмен жалғыз алысқан» Абай тәрізді өзге ғалам іздейді. Осындағы реминисценция цитатасыз Абайды қолданғанынан байқалады. «Өз жаным тәнімді жатсынған», «Келесі аялдамадан түсемін, Ішке қалдырып өзімді» деген жолдардан тән мен жанның арасындағы алшақтық байқалса, «Пессимистік ойлар» жас ақынның өмірден түңілуін көрсетеді. Пессимизм дегеннің өзі өмірдің күнгейін емес, тек көлеңкі жақтарын көру, қайғы-уайымға салыну, шарасыздық пен сәтсіздіктердің басымдығын білдіретін философиялық ұғым болатын болса, ақынның «Мен ылғи да Мунк салған бас көрем» деуінен ең танымал экспрессионист Эдвард Мунктың психика, қараңғылық, өлім туралы картиналары көз алдымызға келеді. Қайғы мен қасіретке толы картиналарда өмірден баз кешкен кейіпкерлердің қасіреті мол орын алады. Безбүйрек қоғамнан күдер үзген ақын да Мунк сияқты үрейлі. «Оу, ағайын бәріңізге ас берем, Бір кітапқа көшкен күні мәңгілік» дейтін ақын өлеңінен Мунктің картиналарындағыдай жабыққан көңіл-күй, өмірдің жағымсыз жақтарын көру, күйзеліс пен өмірден түңілу байқалады. «Біздің ғасыр – цитаталар ғасыры» деп өзі айтқандай, оның әр өлеңі цитатаға тұнып тұр. Цитатаның көп тараған түрі – реминисценция. Оны ақын бірде тырнақшамен, енді бірде подтекстпен береді. «Саспенс» өлеңінде «Жапырақ көлеңкесіне асылып, Мунктың «Айқайы» қарайды» деп суретшінің «Крик» картинасын есімізге түсіреді. «Жаңғырған дауысқа жалт қараймын, кесілген басты көрем әнтек жымыған...» дейтін жас ақын Мунктың өнеріне құмарлықпен өзінің жандүниесіндегі күйзелісін, саңырау қоғамға деген жанайқайын танытады.

«Метаморфоза» өлеңінде өзгермейін ештеңе жоқ екені жөнінде: «Дүние өзгерместей көрінеді, Өзгертеді ертең-ақ Сені... Мені... Өз есімің өзгеге беріледі, Өз меншігің өзгеге телінеді», – деген ой түйеді. М.А. Иванов: «Метаморфоздың мағыналық ерекшелігі, ең алдымен, өзгермейтінді өзгерту арқылы көрсетуде, түбегейлі біртұтас құбылысты оның түрлендіретін формаларының алуан түрлілігі арқылы беруде», – деген болатын (Иванов, 2021). Олай болса ақын мұнда мәңгілік ештеңе жоқ екенін, уақыт өте бәрі де өзгередіні туралы айтады.

«Левиафан» өлеңінде «Түнімен қою-қою теңіз көрем. Тағы да жалғыз өзім маңып барам,

Топырағы сарғайған өлі ізбенен» дейтін ақын оқырманның есіне левиафанды түсіреді. Левиафан – үлкен теңіз құбыжығы. Киелі кітап оны айуандық пен зор күшке ие қорқынышты құбыжық аң ретінде сипаттайды. Левиафан – қазақ поэзиясы үшін тосын кейіпкер болса, ақын осындай тың кейіпкерлерді ұлттық поэзияға алып келуде өзінің ізденімпаздығын, көркемдік ізденістерін танытып отырады.

Тұрсынбек Башар өлеңдерінде кездесетін цитаталардың бірі – белгілі ақындардан алынған эпиграфтар. Доспанбет жыраудың «Алты құлаш ақ найза, ұсынып шаншар күн қайда...» деген өлең жолдарын «Түс» өлеңіне эпиграф етіп алған. Доспанбеттің заманында ақындардың қолында жауға шаншар алты құлаш ақ найзасы болса, «Жауға шабар аты жоқ... сормаңдаймын», «Жекпе-жек деп айқайлап ат үстінен, Атып тұрам ұйқымнан...» дейтін ХХІ ғасыр ақынының мінерге аты, ұстарға қылышы болмауы өкінішті. Осылардың қатарын Онере де Балзак, М.Жұмабаев, Е.Раушанов, Ж.Жақыппаев, М.Мақатаев, Т.Әбдік, Б.Алдияр, М.Райымбекұлы, А.Елгезек, Е.Жүніс, т.б. қаламгерлерден алған эпиграфтар толықтырады. Әдетте қаламгерлер эпиграфтарды айтпақ ойын толықтыру мақсатында пайдаланса, Тұрсынбекте ақындардан алған үзінділерге қарама-қарсы ойлар да кездеседі. Ж.Жақыппаевтың «...Бір күлермін ғарыш жаққа кетерде» деген пікіріне ол «Бір күлмей-ақ ғарыш жаққа кетермін» деген жауап қайтарады. Осының өзінен-ақ ақын шығармаларындағы мұң-шер байқалады. Т.Әсемқұлов интертекст туралы: «Демек, кез келген текст, бұрыннан бар, қанша жаста екенін ешкім білмейтін цитаталардан тұрады екен, олай болса, постмодернистік мәдениеттің символы – тырнақша» деген анықтама бар. Әлбетте, ешкім де цитатаны тырнақшаға алмайды. Тырнақша, типографиялық белгі ретінде қойылмайды. Цитатаны тану үшін оқырманда «текстен тыс білім болу керек» (Эко) «Текстен тыс білім» дегеніміз – оқырманның эрудициясы, бұрынғы-соңғы әдебиетті жақсы білуі», – дейді (Башар, 2021; 5). Осы тұрғыдан алғанда ақын өлеңдері оқырманның эрудициясын танытатыны, танымын байытатыны белгілі.

Мәселен, «Іңірдегі Қазақстан» өлеңіне А.Блоктың мына өлең жолдарын эпиграф етіп алған:

Ночь, улица, фонарь, аптека,
Бессмысленный и тусклый свет.
Живи еще хоть четверть века –
Все будет так. Исхода нет.

А.Блоктың ойымен ақынның өз ойы үндесіп жатқанын мына шумақтан көреміз:

Інірдегі өрмекші үміт отын жағады,
Өлемді құтқарушы жымыып қарады...
Қасиетті Қазақстан, бейбақ Қазақстан,
Ойынмен, Күлкімен, Сауықпен,
Келесі ғасырға кетіп барады
(Башар, 2021; 12).

Қазақстанның бүгінгі «сауықшыл қарттар мен ұраншыл жастарына» қарап торыққан лирикалық кейіпкер оның болашағына күмәнмен қарайды. MacCormack, Sabine «The shadows of poetry: Virgil in the mind of Augustine» деген зерттеуінде ақындардың өмірдің қуаныш пен шаттықтан тұратын күнгейін ғана емес, қайғы мен қасіреттен тұратын көлеңкелі, ұсқынсыз жақтарын суреттейтінін Вирджил Августиннің санасындағы суреттерінен мысал келтіре отырып дәлелдеген болатын (MacCormack, 2020). Ақын айтқандай, сөз жүзінде жаңа Қазақстан құрамыз деп қанша алқынғанмен, іс жүзінде ғасырлар ауысса да ескінің сарқытындай болған ұраншылдықтың адамзат баласымен бірге жасайтыны жасырын емес.

Шерхан Мұртазаға арналған «Барыс» өлеңінде жазушының шығармашылығы мен қайраткерлігін еске ала отырып, оның рухына бас иеді. Ақберен Елгезекке («Біз, бөлкім, ақымақ шығармыз»), ұстазы Съезд Ақымбекке («Индиго») арнаған өлеңдеріне біршама мәліметтер сифызған. Жаһандану заманында нанотехнологияның ұлттық құндылықтарымызды жұтып бара жатқаны белгілі. Ақын болашақта ХХІ ғасырда қазақтың төл дыбыстары туралы шәкірттерге білім беріп жүрген ұстазы Съездің үмітін ақтайтын индиго балалардың келетініне оқырманын сендіреді. «Индиго балалар» деген терминді алғаш рет экстрасенс Нэнси Энн Тапп ойлап тапқан, индиго аурасы бар балаларға қатысты. Бұл термин 1990 жылдардың аяғында «Жаңа дәуір» қозғалысына қатысты дереккөздерде айтылуына байланысты кеңінен танымал болды. Индиго балалар көптеген әртүрлі қасиеттерге ие, мысалы: жоғары интеллект деңгейі, ерекше сезімталдық, телепатикалық қабілеттер және т.б. Сондай-ақ, «индиго балалар» «адамдардың жаңа нәсілін» білдіреді деп айтылады» (Википедия, 2024).

Осы сияқты ақынның «Чириме», «Миледи?», «Антикосмоногия», «Парадокс», «Суицид» өлеңдерінің аты айтып тұрғандай, мұнда түрлі мәселелер көтерілген. Өлеңде айтылған ойларды түсіну үшін оқырман интелектісін көтеріп,

чириме, миледи, антикосмоногия, парадокс, суицид туралы мәлімет алу қажет. Парадокс туралы А.С.Майданов: «Парадокс – ғылыми білімдегі бір мәселе бойынша бір-біріне қарама-қарсы, бір-бірін жоққа шығаратын екі тұжырымның болуымен сипатталатын және әрбір тұжырымның өзіндік дәлелдері бар жағдай. Бірақ мұндай жағдай жүйеліліктің логикалық заңына қайшы келетіндіктен, ғалымдардың алдында оны жеңу, білімді үйлесімділік жағдайына көшіру міндеті түр», – десе (Майданов, 1997: 1-15), миледи – ақсүйектер арасындағы ағылшын ханымдары мен лордтардың әйелдеріне қаратыла айтылатын сыпайы сөз. Тұрмыстағы әйелдерге деген үлкен құрметті білдіретін бұл сөз «госпажа» дегенге ұқсайды. Ақынның мәтін ішіндегі мәтінді еркін пайдалануынан постмодернизмнің әдістері анық байқалады.

Шығармашылық туралы әебиеттанушы ғалым Б.Майтанов: «Шығармашылық тұлғалардың көпшілігі ұлтын сүюдің мән-маңызы мен қажеттілігін өзгелерден нәзік түсінеді. Ол өз туындысының баспа бетіне шығысымен, жалпыға ортақ құндылыққа айналатынын біледі. Адресат феноменінің беделі де есептестірмей қоймайды. Сондықтан ақын сөзі ұлттық рух табиғатына ең жақын орналасады. Ол басқа бір тақырыптарды қозғаса да, ұлттық мұрат пен мүдде жетекшілік танытады» (Майтанов, 2011: 16). Ғалым айтқандай, ақын өлеңдерінен адресат феномені анық байқалады. Бірге жүрген досы Досханға арналған «Ретро» өлеңінде біз өмір сүріп отырған қоғамды былай суреттейді.

Әділдіктің ауылы көшкен төрем,
Кіл пысық басқа шауып, төске өрлеген.
Месқарындар мұнда да ішіп жатыр,
Өмірінде бір рет те ас көрмеген!
(Башар, 2021; 21).

Туған жер туралы «Түсімде жиі елестер», ата-анасы туралы «Сағыныш» өлеңдерінде елге, туған жерге деген сағыныш орын алса, Алматы қаласы туралы өлеңдердің айтары бөлек. Әсем қалаға ақындар бар әдемі сөзін арнаса, Тұрсынбек ақ жауынды «Алматының аспаны жылап тұрды, Алматы ма, жылаған өзім бе екен!!» дейді. Алматы туралы «Қоштасу» өлеңінде:

Алматым-ау!
Төкәппарлық аңқиды жүрісінде,
Жасың кетіп барады шыны ішінде...
Бұрын мұндай емес ең, Алматым-ау,
Арың кетіп барады түн ішінде
(Башар, 2021; 26), –

деп үлкен қала тіршілігінің адам танымастай өзгергенінен хабар береді. Қаламен адамша тілдескен ақын Алматының бүгінгі жағдайын «Мына қоғам есалаң ба, білмеймін, Бұрымыңды кесіп алып кендір етті!» деп суреттейді. Адамзат баласының қолымен жасалатын былықтар қаланың келбетін тым жүдеулетіп жіберген. Кез келген адамға Алматы көрікті болып көрінгенмен, қала тұрғындарының теріс пиғылдарынан, адамгершіліктің аяқ асты болуынан күйзеліп шаршағандай әсер етеді. Осы ойымызды Лауд Патриктің «Жолды жырлау: Поэзияны түсіну және рухани түрлендіру» деген зерттеуіндегі пікірлері толықтырады. Ғалым өз зерттеуінде поэзиядағы рухани түрленуді оның мазмұн байлығымен көрсеткен болатын (Laude, 2005: 240). Ғалым айтып отырған рухани құлдырау «Шынайы Алматы» өлеңінде жалғасын тауып, ақын қаланың түнгі көбелектеріне деген ренішін былай суреттейді:

Тек түнде ашылар шынайы келбеті,
Сыланған сұлулар масайып жүреді.
Үйреніп қалады, тірілмес енді еті,
Менің де келгенде арманым тірі еді
(Башар, 2021; 29).

Ақын жырларында шаттыққа толы сәттерге қарағанда, өмірден жалыққан күйзеліске толы кезеңдер көптеп кездеседі. Өмір тіршілігінен хабар беретін «Біз жүргінші», «Шуынан мезі боп қаланың», «Қат-қат қайғы», «Таң», «Мені ешкім іздемейд», «Деген екен...», әкесінің алпыс жасына арналған «Туған күн», «Күз. Мен және жалғыздық», «Кештегі жалғыздық», «Тағдырыма», «Болашақты ойласам мазам кетед», «Отбасы», «Сырқат сыры», «Суицид» өлеңдерінде мұң-шер басым. Осы ойымызды ақынның «Біз – жүргінші» атты ғұмырнамалық жырына берген мына түсінігі растайды: «Мұғалима бізге өткен өмірлерің жайлы эссе жазыңдар деді. Орысша! Өткеніме оралып ойланып отырсам, жайраң қаққан жарқын сәттерімнен сусыраған солғын сәттерім басымдау екен. Орысшаға орашолақтау өз басым он ойланып ештеңе оңдырмағасын жүрекке жүгінді...» (Башар, 2021; 31). Автор сөзінен өмір жолындағы қилы тағдыры хабар береді.

Қазақ поэзиясындағы туған жерге деген сағыныш саздарын сөз еткенде, алдымен есімізге Төлеген Айбергенов поэзиясы оралады. Сол сияқты кіндік кескен жерінен жырақта, ата баба мекенінде тұрып жатқан көптеген бауырларымыздың жырларында туған жерге деген сағыныш басым. Осындай жырақта жүрген ақынның бірі – Толқын Нұрсәуленің «Қас сағыныш» өле-

ңінде кіндік қаны тамған жерге деген сағынышы былай өрілген:

Күрсінеді, сағынады көңіл тек,
Сенің қаймақ бұлттарыңда бар мұңым.
Қас-қасиет, төс иісіне шөліркеп,
Қаншама рет ернім кеуіп қалғым?!...

Топырағым,
Маңдайыммен сүйемін!
(Толқын, 2021; 4).

Туған жерге деген сағыныштан аңқасы кеуіп шөліркеп жүретін ақын өлеңдерінің қатары «Күз. Ауыл сағынышы», «Әке» сынды сағынышқа толы жырларымен толықты. Бірде туған жермен, енді бірде әкесімен сырласқан лирикалық кейіпкердің балалық шағының куәсіндей болған елге, ауылға деген сағынышы басым. Ақын Мұрат Шаймаран Нұрсәуленің поэзиясы жөнінде: «Поэзияның жүгі, ол-әлемнің жүгі, ғаламның жүгі, адамның мұңының салмағы. Ал ол салмақты Нұрсәуле секілді талшыбықтай қыздың көтеріп кетуі екі талай. Бірақ Нұрсәуле оны көтере білді», – деген пікір білдірген болатын (Шаймаран, 2022). «Жүрегімнен тәтті шықса бір өлең, Менен артық бақытты жан болмайды» деп өлеңді жанына серік еткен ақын жырларының негізгі лейтмотиви – сағыныш. Ол – туған жерге, ата-анаға, сүйгеніне деген сағыныш.

Айдана Қайсарбекқызының «Құр-Ман» жинағына көңіл күй сезімдері жинақталған. Бір-біріне қарама-қарсы контрасты ұғымдарды параллель суреттей отырып, олардың мәнін айшықтау – сөз өнерінің негізгі ерекшеліктерінің бірі болса, осы үрдіс ақын шығармаларында былай өрнек тапқан: «Мен өлермін, тек өтінем өлме, өлең», «Ол сені сүйетін; (жоқ!) ол сені сүймейтін», «Сүйемін сені жек көріп тұрып», «Заман да сені қияр өлімге, Ғалам да мені тияр өмірде...», «Сүймеші деп азар да безер боламын. Бірақ сен сүй!», «Жақсыға да, жаманға да жақ болдым», «Жақсы көргеннің жетегінде кеттім. Жақсы көрмегеннің өсегінде кеттім», «Мәңгі өмірім өзің бе, мәңгі өлімім?!», «Жақсысын іздеп, жаманын жасырып қайту», «Жолықпайықшы жұмағында да... ..жәннәтта. Елемейікші батқан күнді де, таңды атқан!». Жақсылық пен жамандықтың қоса қабат жүретіні тәрізді өмір бар жерде өлім бар екенін оқырмандар да түсінеді, оны жас ақынның шынайы қабылдауы таңқалдырады. Өлім туралы көбіне жасы ұлғайған шақта ойланатын болсақ, ақынның өлім мен өмірді қатар суреттеуінен өмір заңын бар бол-

мысымен шынайы қабылдауы байқалады. Бірде анасымен, енді бірде сүйгенімен сырласатын ақынның көңіл-күй сезімдері оқырманын өзіне баурап алады. «Өмір» өлеңіндегі:

Асықтырасың,
Тасыттырасың!
Жетім көңіл ғып жасыттырасың.
Өзінді бір сәт жек көргізіп ап,
Қайтадан ессіз ғашық қыласың...
(Қайсарбекқызы, 2021; 8).

Ол көңіл күй сезімдерін бейнелі тіркестермен суреттеуге шебер-ақ. Оның «Соқыр күн көтерер сәулелі кірпігін, Бұлттың да мазақтап жыртығын», «Өзегін жүлғылап өкпемнің», «Жауар бұлттай күркіреп күле берем», «Мына желдің қандай ерке екенін, Қардың қалай көркем билеп тұрғанын...» тіркестерінен дерексіз заттарды бейнелеудің әдемі үлгісін көруге болады. Ал, «Жасың болып жанарымнан құлайды өн» өлеңінде жансызға жан бітіре кейіптеген:

Кербездік пе келбетіме кигенім?
Тынши алмай тек ішімде тынады өн.
Жол бетінен көлеңкелер сүйгенін,
Көрсететін болғанда ғой бір адам
(Қайсарбекқызы, 2021; 51).

Жас ақындар шығармашылығынан қалыптасқан дәстүрді жалғап келе жатқан шағын лирикамен бірге эпикалық поэмаларды да атауға болады. Д.Кәпұлы, З.Наурызбаева, А.Жаңбырбайдың Маңғыстау өлкесі туралы «Отпан таудың басында ұран оты» жыр жинағына енген Асылбек Жаңбырбайдың «Шақпақ ата жырлары» топтамасы мен «Бейнеу балладалары» Маңғыстау өлкесінің жаугершілік замандағы тарихынан хабар береді. Тәуелсіздік тұсындағы ұлттық поэзия жөнінде: академик С.Қирабаев: «Қазақ поэзиясының ұлттық сипат алып, дами бастаған тұсынан бергі тарихына көз салсақ, оған желі болып тартылған тұтас бір ұлттық идеяны көреміз. Ол – ұлттық тәуелсіздік идеясы», – деген болатын (Қирабаев, 2011: 83). Ғалым пікірі азаттық, бостандық үшін күрескен «Қырық батыр» дастанында Борқұдықтағы тоналған тоғыз ауылдың малын қайтарған қырық батырдың ерлігінен көрінеді. Түркпендердің артынан қырық батыр қуғанда «Бас болып Төлен би мен Доспамбет би, Мініске өңшең бедеу атты алады». Дұшпанды қуып жеткен батырлар оларды ортаға алып ұрыс салады:

Талады қырық қасқыр қарсы бетті,
Қағынған ит дұшпанды қаншық етті.
Түркпеннің қолбасшысы Оғылшаны
Ер Әлмен найзасымен шаншып өтті
(Жаңбырбай, 2020; 265).

Тоналған қара орманның мол дәулетін қырық батыр қайтарғанмен, бес жігіт шейіт болады. Қазақтың кең даласын жаудан қорғауда қаншама батыр шейіт болса, олардың барлығы да азаттық, тәуелсіздік жолында көз жұмғаны тарихтан аян.

Есір Айшуақұлының рухына арналған «Жорық жолында» күй-хамсада ақ патшаның Хиуа хандығына жорығы баяндалған. 1873 жылы 13-сәуірде басталған бұл жорыққа Жарлы Қаратау болысынан тоқсан түйе, тоғыз түйеші алынып «он түйеден тиді әрбір түйешіге». Хиуа бекіністі қанша күшейткенмен зеңбірекке қарсы тұра алмай күйреп жеңіледі.

Көрген емен дәл мұндай қанды қырғын,
Үсті толды өлікке шанды қырдын.
Зеңбіректер гүрс-с етіп атылғанда –
Жұтып жатқан сияқты жанды құрдым
(Жаңбырбай, 2020; 269).

Осылайша ақын қазақтың кешегі тарихына жан бітіре отырып, есімдері ауыздан-ауызға тарап ел есінде сақталып қалған батырлардың ерлік жорықтарын елді жаудан қорғау мотивімен дәріптеді. Келтірілген мысалдар жас ақындардың ұлттық поэзияда қалыптасқан дәстүрді жалғастыра отырып, заман талабына сай тың ізденістерге жол ашқанын байқатады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, жоғарыда сөз болған ақындардың шығармаларынан қазақ поэзиясында қалыптастан дәстүрдің сабақтастығы мен мазмұн және түр жағынан жаңашылдықтың бар екеніне көзіміз жетті. Атап айтатын болсақ. Д. Әлімақын, Н.Толқынның шығармаларында махаббат лирикасы заңды жалғасын тапса, Д.Әлімақын бір-біріне қарама қарсы дүниелерді контрасты бейнелеуге шебер. Ақын Шығыс поэзиясынан қазақ әдебиетіне келіп қалыптасқан сүйгенін Ай, Күн, Жұлдызға теңеуді жалғастыра отырып, «жанымның әйнегі шағылды» деген жаңа тіркестермен жансызға жан бітіре кейіптейді. Бір-біріне қарама-қарсы контрасты ұғымдарды параллель суреттеу арқылы олардың мәнін ашу-

ға ұмтылыс Айдана Қайсарбекқызының лирикасынан мол орын алған.

Жас ақындардың шығармаларынан көзге түсетін бір ерекшелік – қоғам өміріндегі шешімін күткен өзекті мәселелерді дер шағында көтеруі. Қуаныш Жазай өз өлеңдерінде шетелге сатылған қазақ балалары, Алматыда жиілеп кеткен жер сілкінісі туралы мәселелерді көтере отырып, оқырманға ой салады. Өзге де ақындардың өзекті мәселерге көңіл аударуы бүгінгі жастар поэзиясының жетістігі ретінде танылмақ.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы түр жаңалығының бірі – ақ өлең үлгісі. Б.Сәрсенхан – әлемнің бірқатар халықтары әдебиетінде қалыптасқан, поэзияның қатып қалған формасына сыймайтын, ұйқасыз өлең үлгісіндегі ақ өлеңмен жазып жүрген ақындардың бірі. Ақынның өлеңдеріндегі ақ өлең үлгісі қазіргі ұлттық поэзиядағы жаңашылдықтың көрінісі болып табылады.

Постмодернизмнің негізгі белгілері болып табылатын интертекст, қалыптасқан ұғымдарды жоққа шығару, шығарма тұтастығының болмауы және оның ойынға негізделуі, цитатаны мейлінше пайдалану болса, Т. Майтайұлы мен Т. Башардың лирикалық шығармаларынан осындай ерекшеліктер байқалады. Ақындар адам санасында қалыптасқан ұғымдарды жоққа шығара отырып, шешімді оқырманға қалдырады. Айтпақ ойын жасырын ұстау, шешімді оқырманға қалдыру, жекелеген сөз, ұғымдар арқылы оқырманның эрудициясын кеңейтуді көздейтін постмодернистік туындылар қатары қазіргі таңда қазақ әдебиетінде де көбеюде.

Жас ақындардың көпшілігі шағын лирика жазатын болса, кең құлашты эпикалық жанр-

дың қалыптасқан дәстүрін Асылбек Жаңбырбай жалғастырды. Ол «Шақпақ ата жырлары» топтамасы, «Бейнеу балладалары», «Қырық батыр» дастанында қазақ тарихынан ерекше орын алатын Маңғыстау өлкесінің жаугершілік замандағы тарихи оқиғаларын, ұлттық қаһармандарын қазақ әдебиетіне алып келді. Қазақ әдебиетіндегі батырлық дастандардың заңды жалғасы болып табылатын бұл шығармаларда елді жаудан қорғау мотиві орын алса, жаугершілік замандағы қазақ батырларының ел мен жерді қорғаудағы ерлігі – тәуелсіздік, азаттық жолындағы күрестің көрінісі. Асылбек қазақ әдебиетінің арғы дәуірінен жалғасып келе жатқан тәуелсіздік идеясын өз шығармаларында дәстүрлі түрде жалғастыруда. Батырлардың азаттық жолындағы ерлік жорықтары туралы шығармалардағы тәуелсіздік идеясы оқырманның ұлттық рухын қалыптастыратыны даусыз. Жас ақындардың шығармаларынан көргеніміздей, қазіргі қазақ поэзиясы мазмұны мен түрі жағынан байығаны, әлем әдебиетіндегі постмодернизм мен ақ өлең үлгісі қазақ поэзиясында орныққаны ғылыми тұрғыда пайымдалды. ХХІ ғасырдағы қазақ поэзиясының көркемдік эстетикалық ізденістерінен жас ақындардың ізденімпаздығы, жаңашылдыққа ұмтылысы байқалады. Олар шығыс шайырларынан келе жатқан әдеби дәстүрдің сабақтастығын сақтаумен бірге батыс әдебиетіндегі жаңа үрдістерді ұлттық поэзияға алып келуде.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан BR18574216 «Уақыт пен кеңістіктегі мәдени құндылықтар транзиті» жобасы аясында қаржыландырылған.

Әдебиеттер

MacCormack S. The shadows of poetry: Virgil in the mind of Augustine // Series: Transformation of the classical heritage. Hardcover – June 30, 1998. – Vol.26. – P. 273. [Electronic resource]. – URL: <https://www.amazon.com/Shadows-Poetry-Vergil-Mind-Augustine/dp/0520211871#> (Date of use: 15.02.2023)

Patrick L. Singing the Way: Insights in Poetry and Spiritual Transformation / by Patrick Laude // The perennial philosophy series. – World Wisdom, 2005. – P. 240. [Electronic resource]. – URL: <https://www.amazon.com/Singing-Way-Spiritual-Transformation-Philosophy/dp/B00FGVMALU> (Date of use: 10.02.2023)

MacArthur M., Marit J. The American landscape in the poetry of Frost, Bishop, and Ashbery: the house abandoned // English Studies. – 2008. – 94(3). – P. 361-362. [Electronic resource]. – URL: <https://www.tandfonline.com/doi/pdf/10.1080/> (Date of use: 15.02.2023)

Heather M. Poetry matters: neoliberalism, affect, and the posthuman in twenty-first century North American feminist poetics // Series: Contemporary North American poetry – 2018. – P. 278. [Electronic resource]. – URL: <https://www.jstor.org/stable/j.ctvvnf7> (Date of use: 15.02.2023)

Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Ғылым, 1976. – 148 б.

Әлімақын Д. Ол құстың аты – еркіндік. – Алматы: «Abai» baspasy, 2021. – 112 б.

Әліқожа Б. Хүснихат. – Алматы: «Abai» baspasy, 2021. – 160 б.

Сәрсенхан Б. Мәңгілік гүл. – Алматы: «Abai» baspasy, 2021. – 136 б.

Deti indigo. (2024). Wikipedia. [Electronic resource]. URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%94%> (Date of use: 13.02.2023). (In Russian)

Maidanov, A.S. (1997). Vozniknovenie paradoksov i sposoby ih razrešeniia [The emergence of paradoxes and their resolution]. Jurnalnyi klub Intelros “Filosofia nauki” [Journal club Intelros “Philosophy Science”]. Iss.3, P. 1-15. [Electronic resource]. URL: http://www.intelros.ru/pdf/Philos_nauki/03_1997/09. (Date of use: 13.02.2023). (In Russian)

Maytanov, B. (2011). Ültyq mūrat jāne potikalyq mekenşaq [National ideal and poetic address]. XXI ğasyrdağy qazaq ädebieti: Ūjymdyq monografiia [Kazakh literature of the 21st century: Collective monograph. Almaty. Arda. (in Kazakh)

Tolkyn, N. (2021). Topyraq iisi: Öleñder [The smell of soil: Poems]. Almaty. Abai. (in Kazakh)

Shaimaran, M. (2022). Jas aqyn Nūrsäule Tolqynnyñ alğaqy kitabı jaryqqa şyqty [The first book of the young poet Nursäule Tolqyn was published]. [Electronic resource]. URL: <https://adyrna.kz/post/134268> (Date of use: 10.03.2024). (in Kazakh)

Kaisarbekkizi, A. (2021). Qūr-Man [Kur-Man]. Almaty. Abai. (in Kazakh)

Kirabaev, S. (2011). Ūlt täuelsizdigi jāne qazaq ädebieti: Ädebiettik zertteuler, syn maqalalar, estelikter [National independence and Kazakh literature: Literary studies, critical articles, memoirs]. Almaty. Silk Road. (in Kazakh)

Kapuly, D., Nauryzbaeva, Z., Zhanbyrbai, A. (2020). Otpan taudyñ basynda ūran oty [Slogan fire at the top of Otpan mountain]. Almaty. Literature. (in Kazakh)

Автор туралы мәліметтер:

Орда Гүлжахан Жұмабердіқызы (корреспондент автор) – филология ғылымдарының докторы, доцент, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: orda68@mail.ru).

Information about authors:

Orda Gulshakhan – Doctor of Philological Science, Associate Professor, M.O. Auezov Institute of Literature and Art (Almaty, Kazakhstan, e-mail: orda68@mail.ru).

Келіп түсті: 24 наурыз 2024 ж.

Қабылданды: 29 тамыз 2024 ж.